

Илон Макс

Орындаған:Жалғасбек
С

Тобы:ДоиВ 19-11

Қабылдаған:Тобылов
К.Т



Илон Рив Маск 1971 жылдың 28 маусымында оңтүстік африкалық Претория қаласында дүниеге келген. Ол инженер Эррол Маск пен диетология саласының сарапшысы Майя Масктың жанұясындағы үш баланың тұңғышы еді. Илонның 1972 жылы дүниеге келген бауыры Кимбэл және 1974 жылғы Тоска есімді қарындасы бар. 1980 жылы ата-анасы ажырасқаннан соң, Илон алғашында анасымен қалғанымен, кейіннен әкесімен бірге тұруға сұранған.

Илон Маск балалық шағы



Бала күнінде оқуды ерте үйренген Илон мен бауырлары уақыттарының басым бөлігін оқумен өткізген. Илон көпшілік арасында болғанды ұнатпайтын. Өзімен-өзі жалғыз қалғанды жөн көріп, ойға беріледі. Бала күнінде қатарластары үнемі кемсітетін болған. Бірде бір топ бала аяусыз соққыға жығып, ауруханаға түскен жағдай да орын алған еді. Илон 9 жасында алғаш рет Commodore VIC-20 компьютерін алған. Мұнан әрі бағдарламалар жазумен әуестеніп, бағдарламалау тілін үйренген. 12 жасында шутер-видеоойынын жасап, 500 долларға сатады. Бала болса да алғашқы табысын тәттілерге жұмсамай, компания акциясын сатып алған. Аздаған уақыттан кейін акцияны қымбат бағаға сатуға болатын еді. Ал ол ақша арманы мол баланы мақсатына бір табан жақын етіп, басқа құрлыққа көшуіне мүмкіндік береді.



- Өр мінезді жас жігіт 1990 жылы әлемдегі ең беделді оқу орындарының бірі Кингстондағы Куинс университетіне оқуға түседі. Ал 2 жылдан кейін Пенсильвания штатының америкалық Университетіне ауысқан. Университеттегі білімін тәмамдағаннан кейін, физика және экономика пәндері бойынша бакалавр дипломын алған.
- Мұнан соң жас жігіт физика бойынша докторлық дәреже алу мақсатында Стэнфорд университеті жанында аспирантураға тапсырады. Бірақ кәсіпкерлікпен айналысу үшін, оқуын аяқсыз қалдырған.

Илон Макстың мансап жолдары



1995 жылы Илон өзінің бауыры Кимбэлмен бірлесіп алғашқы Zip2 IT-компаниясын ашқан. Компания жаңалықтар контенті жарияланымы мен сайттарды қолдауға арналған бағдарламалар жасауға мамандандырылған. Ол таңның атысынан күннің батысына дейін тынбай еңбектеніп қана қоймай, жалдамалы кеңседе өмір сүрген еді.

Алайда оның табандылығы мен қайраттылығы толайым табысқа, жетістікке жетуіне сеп болады. 1999 жылы ағайындылар өздерінің стартаптарын AltaVista интернет-іздеушісіне 307 миллион доллар көлеміндегі рекордты қаражатқа сатқан. Илон қолына түскен 20 миллион долларды McLaren F1 спорттық автокөлігі мен 12 орындық Dassault 900 ұшағына жұмсаған.

Илонның ойынша, адамзат тағдырына ықпалы мол ең маңызды салалар – интернет, ғарышты бағындыру және жаңғыртылмалы энергетика. Жігерлі жас оларды бағындыруға кірісіп те кеткен.



2004 жылы Илон қос өнертапқыш негізін қалаған Tesla Motors компаниясына қосылады. Ол – сериялы электрокарларды құрастыратын өндіруші ретінде белгілі.

Илон Маск ағылшындық Lotus Elise негізіндегі Tesla Roadster спорттық автосын шығаруға атсалысқан. Оның бастамасы бойынша модельдердің барлығы айтарлықтай ықшамдалған. Сонымен қатар батареяның бөлігі жетілдіріліп, фарлар құрылысының дизайнына жаңа элементтер қосылған. Бұл еңбегі үшін Илон Global Green-2006 экология саласында сыйлық алады. Ал жобаға тартылған инвестиция 100 миллион көлеміндегі жергілікті валютаны құрайды.

Илон Масктың марапаттары



- 2008 жылы Esquire журналы Маскты XXI ғасыр 75 ең ықпалды адамдар тізіміне қосты.
- [2011 жылы](#) маусым айында ол ғарышты коммерциялау жетістіктері үшін 500 мың АҚШ долларымен Хайнлайн сыйлығымен марапатталды.
- Ақпан айында журнал [Forbes](#) қосты Маскты қырық жасқа дейінгі 20 ең ықпалды [CEO](#) тізіміне қосылды.
- 2013 жылдың қараша айында Fortune Magazine жылы бизнесмені деп атады , ал [The Wall Street Journal](#) Маскты жыл CEO атады

Қорытынды

- Қорытындылай келе, бойынан табандылық, жігерлік табылған сын тұрғысынан ойлап, өз іс-әрекетін Нақты талдап жасай алатын адам біздің заманымыздың қаһарманы ретінде әлдеқашан мойындалған және мойындауға тұрарлық.

Назарларыңызға
а рахмет!